

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru

alatau\_gazeti

alatau\_gazeti

ӨЗЕКТІ

## ЖЕТІСУДЫҢ

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

## МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ӨҢІРГЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛГЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУДЕ ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛДЫ.



Сенаттың ресми делегациясын жылы қарсы алған Бейбіт Исабаев депутаттардың өңірге сапарларының маңыздылығын тілге тиек етіп, мұндай кездесулердің аймақты дамытуға оң ықпал ететінін атап өтті.

Өз кезегінде аталған Комитет төрағасы Сүйіндік Алдашев Жетісуға сапары барасында Панфилов ауданында, соның ішінде «Қорғас» торабында болғанын айтты.

- Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Сондықтан осы сапарымызда біз шығыс қақпамыз саналатын «Қорғас» арнайы экономикалық аймағының мүмкіндіктерін көріп, кәсіпкерлермен кездестік, ұсыныстарын тыңдадық, Панфилов ауданын аралап көрдік, - деген С. Алдашев алдағы жоспарланған парламенттік тыңдауға дайындық барысында бұл сапардың пайдалы болғанын жеткізді.

Облыс әкімі депутаттарға өңірдің дамуы, соның ішінде экономикалық ілгерілеудің маңызды нүктелері «Достық» және «Қорғас» тораптары, оларда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық ірі жобалар туралы баяндап берді.

- Депутаттар мен біздің, яғни жергілікті атқарушы органдардың тығыз қарым-қатынаста, өзара кеңесе отырып жұмыс істесек, нәтижелі болатыны анық. Бүгін аймақтарды дамытудағы кейбір келелі мәселелердің оң шешілуіне ықпал ететін пайдалы кездесу болды деп ойлаймын. Өйткені біздің мақсатымыз ортақ – елдің экономикалық қуатын арттыру, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, - деді Б. Исабаев сөзінің қорытындысында.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі  
Суретті түсірген: Дмитрий Ерофеев

## БАЙҚАУ

### «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ

### ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.



БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР  
НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

Байланыс телефоны: 8 776 970 0718

Э/пошта: alatau.offset@mail.ru

## БАСПАСӨЗ - 2026

### Жазылу базасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

### Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534

Подписной индекс для других регионов РК: 65534



«АЛАТАУҒА»  
ЖАЗЫЛУДЫ  
ҰМЫТПАДЫҢ БА?